**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1946 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 мамырдағы N 489 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 429 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.20 № 429 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1946 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 57, 551-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Мыналар Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясының құрамына енгізілсін:

Ізбасаров Дүйсебай Сайлаубайұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-өндірістік орталығының директоры;

Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы - Халықаралық бизнес университетінің президенті, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі;

Шамсутдинов Ринат Шарафутдинович - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі;

мынадай:

"Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлы - "Қазақтүрікмұнай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры (келісім бойынша);

Қадыржанов Алтай Камалұлы - "Энергия" Қазақстан отын-энергетикалық жүйелері ғылыми-зерттеу және жобалау-іздестіру институты" жабық акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлы - "ҚазМұнайТеңіз" теңіз мұнай компаниясы" жабық акционерлік қоғамының бас директоры (келісім бойынша);

Қадыржанов Алтай Камалұлы - "Энергия" Қазақстан отын-энергетикалық жүйелері ғылыми-зерттеу және жобалау-іздестіру институты" жабық акционерлік қоғамы президентінің кеңесшісі (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан Боран Ғизатұлы Рахымбеков шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК